



**СОФИЯДАН  
ОЛЖАЛЫ  
ОРАЛДЫ**

→2



**ФУТБОЛДЫҢ  
ІРГЕТАСЫ  
АУЫЛДАРДА  
ҚАЛАНУЫ ТИІС**

→3



**10 ЖЫЛ БОЙЫ  
ЕШ НӘТИЖЕ  
КӨРСЕТПЕЙ ЖҮРЕТІН  
БАПКЕРЛЕРДІ ЕНДІ  
ҰСТАМАЙМЫЗ**

→8

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№7 (5358)  
4 наурыз 2022 жыл

Газет жұма  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

## «ТОБЫЛ» – СУПЕРКУБОК ЖЕҢІМПАЗЫ!



**ҚАЗАҚСТАНДА РЕСМИ ТҮРДЕ ЖАҢА ФУТБОЛ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ. АЛҒАШҚЫ ОЙЫН «ТОБЫЛ» МЕН «ҚАЙРАТ» АРАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН СУПЕРКУБОГЫМЕН АШЫЛДЫ.**



Маусымның шымылдық түрер ойыны елордадағы «Астана Арена» стадионында өтті.

Былтырғы Қазақстан чемпионатының жеңімпазы мен ел кубогының иегері арасындағы ойын 2:1 есебімен аяқталды.

Бірінші таймда «Қайрат» қорғаушысы өз айып алаңында Душан Йованчичке қарсы тәртіп бұзған. Төреші бірден пенальти белгіледі. Нүктеге келген Серікжан Мұжықов қателескен жоқ. Дегенмен үзіліске дейін «Қайрат» командасы есепті теңестіріп үлгерді. Жақында Қазақстан азаматтығын алған Жоао Пауло Мокин қорғаған қақпаның тоғыздығын дәл көздеді.

Екінші кезеңде «Қайраттың» есепте алға шығатын мүмкіндігі болған. Бірақ пенальтиден Рикарду Алвеш мүлт кетті. Есесіне 81-минутта Айбар Жақсылықов гол соғып, «Тобылға» жеңіс сыйлады. Осылайша 2022 жылғы Қазақстан Суперкубогы Қостанай командасына бұйырды.

Матчтан кейін «Қайраттың» бас бапкері Құрбан Бердыев кездесу тең дәрежеде өткенін, ойыншыларына еш өкпесі жоғын айтты.

– Ойын тартысты болды. Финалда мүмкіндікті мүлт жібермеу керек. Әйтпесе жеңіс уыстан шығып кетеді. Жігіттердің барын салғанын көрдім. Сондықтан оларға тағар кінәм жоқ. Өкінішке қарай, бүгін жолымыз болмады, – деді Бердыев.

Ал «Тобыл» командасының жаттықтырушысы Александр Москаленко бірінші таймда жақсы ойнағанын, ал екінші кезеңде қателіктер болғанын айтты.

### «ТОБЫЛ» – «ҚАЙРАТ» – 2:1

**Голдар:** Серікжан Мұжықов, 30-пенальтиден (1:0). Жоао Пауло, 39 (1:1). Айбар Жақсылықов, 83 (2:1).

**«Тобыл»:** Александр Мокин, Владислав Васильев, Жарко Томашевич, Сергей Малый, Александр Марочкин, Бағдат Қайыров – Душан Йованчич, Серікжан Мұжықов (К), Рубен Бриджидо (Самат Жарынбетов, 90), Зоран Тошич (Асхат Тағыбергел, 65), Игорь Сергеев (Айбар Жақсылықов, 81).

**«Қайрат»:** Данил Устименко, Сергей Кейлер, Арсен Буранчиев, Виктор Васин, Маки Баньяк, Еркебұлан Сейдахмет, Яцек Гуральский (к), Рикарду Алвеш, Данияр Үсенов (Вячеслав Швырёв, 57), Жоао Пауло (Гүлжігіт Әліқұлов, 84), Хосе Канте (Артур Шушеначев, 58).

**Төрешілер:** Данияр Сахи (Қызылорда), Орынбаев Илашбек (Түркістан облысы), Юрий Тихонюк (Ақтобе).

2 наурыз, Нұр-Сұлтан, «Астана-Арена». 6 000 көрермен.

## ЕСТЬ ДАТА И МЕСТО!

### ГОЛОВКИН И "КАНЕЛО" ПОДПИСАЛИ КОНТРАКТ НА ТРЕТИЙ БОЙ

**АБСОЛЮТНЫЙ ЧЕМПИОН МИРА ВО ВТОРОМ СРЕДНЕМ ВЕСЕ МЕКСИКАНЕЦ САУЛЬ "КАНЕЛО" АЛЬВАРЕС (57-1-2, 39 КО) И ОБЛАДАТЕЛЬ ТИТУЛОВ IBF И IBO В СРЕДНЕМ ДИВИЗИОНЕ КАЗАХСТАНЕЦ ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН (41-1-1, 36 КО) ПОДПИСАЛИ КОНТРАКТ НА ТРЕТИЙ БОЙ.**



По информации USA Today Sports+, трилогия запланирована на 17 сентября. Сам поединок пройдет в лимите второго среднего веса (168 фунтов). Ранее сообщалось, что на кону будут стоять четыре титула Альвареса.

Фаворитом на проведение боя является Лас-Вегас, где прошли два предыдущих поединка Головкина и "Канело". Напомним, что в первом поединке была зафиксирована ничья, а в реванше победил мексиканец.

Экс-чемпион мира Серхио Мора, ныне аналитик и комментатор стримингового сервиса DAZN, поделился мнением по поводу необходимости проведения третьего поединка между казахстанцем Геннадием Головкиным (41-1-1, 36 КО) и мексиканцем Саулем "Канело" Альваресом (57-1-2, 39 КО), сообщает корреспондент Vesti.kz.

"Посмотрите на величайшую трилогию всех времен, Али против Фрейзера, в которой не было необходимости, и она закончилась нокаутом. Посмотрите на бой года в прошлом году с Фьюри и Уайлдером, он не был нужен, но он стал боем года.

Это же касается и трилогии Головкин - "Канело". GGG уже под 40, первые их два боя получились очень близкими, но у многих людей такая память, что они очень быстро забывают. Заходят молодые стрелки и смотрят на Чарло, Бетербиева и всех остальных. Они хотят молодых парней, я все еще хочу увидеть бой с Головкиным, потому что там есть незаконченное дело, которое нужно закрыть.

Я знаю, чем закончится бой, я думаю, что большинство людей знают, чем он закончится, но мне все еще нужно увидеть этот нокаут", - цитирует Мору DAZN.

Добавим, что перед трилогией обоим боксерам необходимо выиграть свои весенние поединки: Головкин в апреле встретится с "суперчемпионом" WBA в среднем весе японцем Риотой Муратой (16-2, 13 КО), а "Канело" в мае сразится с россиянином Дмитрием Биволом (19-0, 11 КО) за его пояс WBA в первой тяжелой категории.

## БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

| «Қазпошта»      |   | 1 ай (2 ай) | 3 ай (4 ай) | 6 ай    | 12 ай   |            |
|-----------------|---|-------------|-------------|---------|---------|------------|
| Индексі         | Жазылымды қабылдау шарттары: - жеке жазылушылар үшін - кәсіпорындар мен ұйымдар үшін - жеңілдікпен жазылу |             |             |         |         |            |
| 64190           | Жеке жазылушылар үшін   | 446,25      | 1338,75     | 2677,50 | 5355,00 | Қала       |
|                 |   | 664,87      | 1394,61     | 2789,22 | 5578,44 | Аудан/ауыл |
| 14190           | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін   | 686,25      | 2058,75     | 4117,50 | 8235,00 | Қала       |
|                 |   | 704,87      | 2114,61     | 4229,22 | 8458,44 | Аудан/ауыл |
| «Эврика пресс»  |   |             |             |         |         |            |
| 64190           | Жеке жазылушылар үшін   | 487,00      | 1461,00     | 2922,00 | 5844,00 |            |
| 14190           | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін   | 756,00      | 2268,00     | 4536,00 | 9072,00 |            |
| «Еуразия пресс» |   |             |             |         |         |            |
| 64190           | Жеке жазылушылар үшін   | 492,00      | 1476,00     | 2952,00 | 5904,00 |            |
| 14190           | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін   | 761,00      | 2283,00     | 4566,00 | 9132,00 |            |
| «Бектұрғанов»   |   |             |             |         |         |            |
| 64190           | Жеке жазылушылар үшін   | 507,00      | 1521,00     | 3042,00 | 6084,00 |            |

## СОФИЯДАН ОЛЖАЛЫ ОРЛАДЫ

**БОЛГАРИЯ АСТАНАСЫ – СОФИЯДА БОКСТАН ХАЛЫҚ-АРАЛЫҚ «СТРАНДЖА КУБОГЫ» ЖАРЫСЫ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.**

Биыл 73-ші мәрте ұйымдастырылған байрақты додада қазақстандық боксшылар да өнер көрсетіп, үздіктер қатарынан көрінді. Әлемнің 36 елінен келген 350-ге жуық (206 ер, 139 әйел) былғары қолғап шебері бақ сынаған бәсекеде еліміздің ерлер және әйелдер құрамасы жалпы саны 17 жұлде (4 алтын, 4 күміс және 9 қола) жеңіп алды.

Бокстан «кіші әлем чемпионаты» атанып кеткен Болгариядағы турнирде Қазақстан ерлер құрамасынан Махмұд Сабырхан (54 кг) мен Сағындық Тоғамбай (86 кг) топ жарса, әйелдер бәсекесінде Назым Қызыбай (50 кг) мен Валентина Хальзова (70 кг) алтыннан алқа тақты.

Ал финалда өнер көрсеткен тағы төрт боксшымыз қарсыластарына есе жіберіп, халықаралық жарыстың күміс жүлдегерлері атанды. Атап айтқанда, Дамир Әбдіқадыр (51 кг), Дулат Бекбауов (67 кг), Дина Жоламан (54 кг) және Ләззат Күнгебаева (+81 кг) финалда сүрінді. Ал Санжар Тәшкенбай (48 кг), Тимур Қабдешов (51 кг), Абзал Серік (63,5 кг), Абзал Құттыбеков (92 кг), Нұрлан Сапарбай (+92 кг), Римма Волосенко (60 кг), Дарига Шәкімова (66 кг), Надежда Рябца (75 кг)



пен Анастасия Баязитова (81 кг) қола жүлде иеленді.

Софиядағы жарыстың жалпыкомандалық есебінде Қазақстан құрамасы 17 жұлдемен 3-орынға тұрақтады. Ал 6 алтын және 1 қола жүлдеге қол жеткізген Өзбекстан боксшылары көш бастады. 5 алтын, 5 күміс және 11 қола жүлдесі бар Ресей 2-орынға табан тіресе, жарыс қожайындары 3 алтын, 4 күміс және 5 қоламен 4-орынды қанағат тұтты. Сонымен

қатар 2 алтын, 1 қола медаль олжалаған Үндістан құрамасы үздік бестікті түйіндеді.

Айта кетейік, Халықаралық бокс федерациясы (ИВА) Софияда үздік шыққан санлақтарды алғаш рет қаржылай сыйлықпен марапаттады. Атап айтқанда, «Странджа кубогының» жеңімпазына – 4 мың, күміс жүлдегеріне – 2 мың және қолаға қол жеткізгендерге 1 мың АҚШ доллары көлемінде сыйақы берді.



## ТӨРЕШІЛЕРІМІЗ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТӨРЕЛІК ЕТУДЕ

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӨРЕШІЛЕР ХОККЕЙДЕН ҚЫРҒЫЗСТАНДА БАСТАЛҒАН ТӨРТІНШІ ДИВИЗИОНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ МАТЧТАРЫНА ТӨРЕЛІК ЕТУДЕ.**

3-8 наурыз аралығында Бішкекте өтетін турнирге Кувейт, Малайзия, Сингапур, Иран және айдын иелері Қырғызстан құрамасы қатысуда.

Кездесулерде Владимир Суслов бас төреші болады. Сонымен қатар жақтаудағы төрешілер міндетін Тимур Ысқақов пен Александр Ядрышников атқарады.

Осы чемпионат аясында Владимир Суслов пен Құрлықтық хоккей лигасының төрешісі Торнике Кучава азиялық төрешілер үшін семинар өткізеді.

## ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАР ЧЖАНЦЗЯКОУДА ЖАТТЫҒУДЫ БАСТАДЫ

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАРАЛИМПИАДАШЫЛАР ЧЖАНЦЗЯКОУДАҒЫ ЖАТТЫҒУ ЖИЙНДАРЫНА КІРІСТІ.**

ҰОК баспасөз қызметінің мәліметінше, Бейжіңдегі Паралимпиада ойындарында қазақстандықтар екі спорт түрінен сынға түседі: пара шаңғы жарысы мен пара биатлон.

Команда құрамында бес спортшы бар. Олар – Александр Герлиц, Ербол Хамитов, Сергей Усольцев, Юрий Березин мен Денис Петренко.

Айта кетелік, Паралимпиада ойындарының ашылу салтанаты 2022 жылдың 4 наурызында Нұр-Сұлтан уақытымен 22.00-де басталады.

Пара шаңғы жарысынан әлем кубогының қола жүлдегері Ербол Хамитов Бейжің ойындарында Қазақстанның туын ұстап шығады.

## УКРАИНА СПОРТШЫЛАРЫ ПАРАЛИМПИАДАҒА ТОЛЫҚ ҚҰРАМДА ҚАТЫСАДЫ

**УКРАИНА ҚҰРАМАСЫ СОҒЫСҚА ҚАРАМАСТАН БЕЙЖІНДЕГІ ПАРАЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНА БАРУДЫ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.**



Украина құрамасы Бейжіңде өтетін 2022 жылғы қысқы Паралимпиада ойындарына қатысады. Бұл туралы suspilne.media сайтына Украинаның мүгедектер спорты ұлттық комитетінің баспасөз қызметінің жетекшісі Наталья Гарач мәлімдеді.

Оның айтуынша, команда жарысқа толық құрамда ұшуды жоспарлап отыр, бірақ ұшу орнын атаудан бас тартты. Тек спортшылардың жан-жақтан аттанатынын айтты.

«Команданың бір бөлігі бір жерде, бір бөлігі басқа жерде. Бүгін біз әуежайға жетіп, бірге Бейжіңге барамыз деп үміттенемін. Команда Украинада емес. Біз қайда екенімізді айтпаймыз. Бейжіңге жеткен соң ғана қалай келгенімізді айтамыз. Ертең, 2 наурызда, Бейжіңде боламыз деп үміттенемін, – деді ол. – Команда жоспардағыдай толық құрамда барады».

Айта кетейік, Паралимпиада-2022 ойындары 4 наурызда басталып, 13 наурызға дейін жалғасады. Паралимпиада-2022-де барлығы 78 медаль жиынтығы ойнатылады.

## АРТАЕВТЫҢ ОРНЫНА АҚШАЛОВ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**БОКСТАН 2013 ЖЫЛҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ МЕРЕЙ АҚШАЛОВ ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ.**

Ол – ҚР бокс федерациясының вице-президенті/мемлекеттік жаттықтырушы болып тағайындалды. Бұған дейін бұл қызметті Олимпиада чемпионы Бақтияр Артаев атқарған болатын.

Бейресми дереккөзі бойынша, “Дикий Арман” қорғап, әлеуметтік желіде пост жазғаны үшін Артаев қызметінен алынған.

Ақшалов спортшы ретінде Бейжің Олимпиадасына қатысты, «Астана Арланс» командасының құрамында Дүниежүзілік бокс сериясында өнер көрсетті. 2013 жылы тамызында Азия чемпионы атанды, ал қазан айында Алматыда өткен әлем чемпионатында жеңіске жетті.

Ал боксшы ретінде карьерасын 2014 жылы аяқтаған. Былтырғы жылдан бері ол Ақмола облысы, Шортанды ауданы әкімінің орынбасары болған.



## АТР РЕЙТИНГІНДЕ ЕКІ САТЫҒА ТӨМЕНДЕДІ

**КӘСІПҚОЙ ТЕННИСШІЛЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ (АТР) ТЕННИСШІЛЕРДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН РЕЙТИНГІН ЖАРИЯЛАДЫ.**



Еліміздің бірінші ракеткасы Александр Бублик екі сатыға төмендеп, 32-орынға тұрақтады. Ал Михаил Кукушкин 6 сатыға жоғарылап, 160-орында тұрса, Дмитрий Попко 7 сатыға көтеріліп, 171-орында жайғасты.

**АТР РЕЙТИНГІ. 28 АҚПАНДАҒЫ ОРЫНДАР**

- 1(+1). Даниил Медведев (Ресей) – 8615
- 2 (-1). Новак Джокович (Сербия) – 8465
- 3 (0). Александр Зверев (Германия) – 7515
- 4 (+1). Рафаэль Надаль (Испания) – 6515
- 5 (-1). Стефанос Циципас (Грекия) – 6445
- 6 (+1). Андрей Рублев (Ресей) – 5000
- 7 (-1). Маттео Береттини (Италия) – 4928
- 8 (0). Каспер Рууд (Норвегия) – 3915
- 9 (0). Феликс Оже-Альяссим (Канада) – 3883
- 10 (+1). Хуберт Хуркач (Польша) – 3496
- ...32 (-2). Александр Бублик (Қазақстан) – 1416
- 160 (+6). Михаил Кукушкин (Қазақстан) – 386
- 171 (+7). Дмитрий Попко (Қазақстан) – 351
- 220 (+5). Тимофей Скатов (Қазақстан) – 265
- 344 (+2). Денис Евсеев (Қазақстан) – 126
- 577 (-9). Александр Недовесов (Қазақстан) – 51
- 614 (+3). Бейбіт Жұқаев (Қазақстан) – 44
- 775 (-6). Григорий Ломакин (Қазақстан) – 26
- 923 (-3). Достанбек Ташбулатов (Қазақстан) – 16
- 952 (-2). Андрей Голубев (Қазақстан) – 14.


## ТАЕКВОНДОШЫЛАРЫМЫЗ ИРАНҒА АТТАНДЫ

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАЕКВОНДОШЫЛАР НАУРЫЗДА ИРАНДА ӨТЕТІН ҮШ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИРГЕ ҚАТЫСАДЫ.**

Иранда таеквондодан халықаралық турнирлер сериясы өтеді.

Жерлестеріміз 4-5 наурыз аралығында клубтар арасында Азия чемпионатында, 6-9 наурыз аралығында дәстүрлі «Fajr Open» аламаньында, ал 10-14 наурызда Азия таеквондо федерациясының президент кубогында бақ сынады.

Бұл жарыстарға Қазақстан атынан 30 спортшы аттанған.



## ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТТАРЫНЫҢ ЖАРЫС КЕСТЕСІ

**АУЫР АТЛЕТИКА ФЕДЕРАЦИЯСЫ 2022 ЖЫЛЫ ӨТЕТІН ЕЛ БІРІНШІЛІКТЕРІНІҢ КЕСТЕСІН ЖАРИЯЛАДЫ.**

12-19 наурыз: Ауыр атлетикадан 20 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен қыздар арасындағы жеке-леген жаттығулардағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Қостанай).

17-24 сәуір: Ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасындағы жеке-леген жаттығулардағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Қызылорда).

13-20 мамыр: Ауыр атлетикадан 23 жасқа дейінгі жастар арасындағы жеке-леген жаттығулардағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Көкшетау).

28 маусым – 05 шілде: Ауыр атлетикадан 2006-2007 ж.т. жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Семей).

23-30 қыркүйек: Ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Қостанай).

16-23 қазан: Ауыр атлетикадан 17 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен қыздар арасындағы жеке-леген жаттығулардағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Түркістан).

20-27 қараша: Ауыр атлетикадан 2008 ж.т. және одан кіші жасөспірімдер мен қыздар арасындағы Қазақстан Республикасының жеке-командалық чемпионаты (Нұр-Сұлтан).

**Әділет БАРМЕНҚҰЛОВ,**  
ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

# ФУТБОЛДЫҢ ІРГЕТАСЫ АУЫЛДАРДА ҚАЛАНУЫ ТИІС

**ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛ ФЕДЕРАЦИЯСЫНДА ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАНДЫ. БЕС ҮМІТКЕРДІҢ АРАСЫНДА 50 ЖАСТАҒЫ ӘДІЛЕТ БАРМЕНҚҰЛОВТЫҢ БАҒЫ ЖАНДЫ. ОҒАН 27 АДАМНІҢ 14-І ДАУЫС БЕРДІ.**



Әлемдегі нөмірі бірінші спорттың Қазақстандағы федерациясын басқаратын Барменқұлов туралы ақпарат аса көп емес. Көпшілік тани да бермейді. Қарағанды облысының тумасы мамандығы бойынша математик. Бірнеше жыл мемлекеттік қызметте істеген.

Футболға да соңғы жылдары қызығушылығы артса керек, біраз тәжірибе жинақтаған. Қарағандының «Шахтер» клубы директорлар кеңесінің төрағасы

болды. Қазақстан футбол федерациясы Атқару кеңесінің мүшесі, президенттің кеңесшісі қызметтерін атқарған.

Бұрынғы басшылықтың қасында жүрген азамат. Сондықтан

федерацияда түбегейлі өзгеріс бола қоюы екіталай. Бірақ барлығы да уақыттың еншісінде.

Жаңа президент сайлаудан кейін журналистердің сұрағына жауап берді. Баспасөз конференциясында берілген жауаптардың бір-екеуіне тоқталсақ.

– Басшы ретінде алғашқы қадамымды айтсам, бірінші кезекте аймақтық федерациялардың деңгейін көтеруден бастаймыз. Меңіңше, футболдың іргетасы ауылдарда қалануы тиіс. Футболға көбірек адам тартуымыз керек. Сол кезде бұқаралық спорт туралы айта аламыз. Бүгінгі таңда алдымызға кемі елде 5 миллион адам футболмен айналысуы керек деген міндет қойып отырмыз. Мұнымен тоқтап қалмаймыз. Қазіргі таңда

елде 1,5 миллион адам футболға белсенді қызығады. Сол көрсеткішті 5 миллионға жеткізу мақсат. Бұл не үшін керек? Өйткені неғұрлым аудитория үлкейген сайын мемлекеттің де, бизнестің де қызығушылығы артады.

Баяндамада мемлекет және бизнес иелерімен қарым-қатынасты жақсарту керек екенін айттым. Бізге іргетасты дұрыс қалау керек. Футбол ұлттық жобаға айналуы тиіс. Жакын арада стратегиялық жоспарды дайындаймыз. Бұл ретте мемлекеттің қолдауы өте маңызды. Ол үшін барлық сұрақтарға дайындаламыз. Алдағы үш айда барлық жоспарды дайындап шығу керек.

Сайлауда жеңіске жетуімнің сыры неде? Мен барлық облысты аралап шықтым. Жанкүйерлермен ғана емес, аймақтық футбол федерацияларының өкілдерімен де кездестім. Футболға шын берілген жандармен жолықтым. Оның арасында ардагерлер, жастар, мектеп директорлары мен бапкерлер бар. Сондықтан менің бағдарлам көңілден шыққан болар.

Ең бастысы, Әділет Барменқұлов күн сайын кеңсеге барып жұмыс істейтінін айтты. Әділбек Жақсыбеков секілді анда-санда жиналыс ашу үшін ғана соғып тұрмайтынын жеткізді. Тілшілерге де жақын болғысы келетінін жасырмады. Әліптің артын бағайық.

## КОМАНДАДА КІМДЕР ОЙНАЙТЫНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



### “ТАРАЗ” КОМАНДАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДА ОЙНАЙТЫН ФУТБОЛШЫЛАР ҚҰРАМЫН ЖАРИЯЛАДЫ.

«ТАРАЗ» (ТАРАЗ) – 2022

**Қақпашылар:**

- №24 Джухрахан Бабаханов (1991)
- №74 Мұхаммеджан Сейсен (1999)
- №78 Денис Кавлинов (1995, Ресей)

**Қорғаушылар:**

- №3 Нұрлан Дайыров (1995)
- №4 Бекзат Шадманов (1997)
- №5 Әділет Кеңесбек (1996)
- №13 Ермек Қуантаев (1990)
- №14 Берік Айтбаев (1991)
- №20 Мақсаб Әмірханов (1992)
- №22 Алекс Джуниор (1993, Гаити)
- №44 Лука Гадрани (1997, Грузия)

**Жартылай қорғаушылар:**

- №6 Марат Шахметов (1989)
- №7 Абзал Таубай (1995)
- №8 Милан Гамаков (1994, Болгария)
- №10 Бауыржан Байтана (1992)
- №11 Дінмұхамед Қараман (2000)
- №17 Жақып Қожамберді (1992)
- №19 Еркебұлан Тойбеков (2002)
- №23 Алмас Сапарғалиев (1993)
- №25 Бектас Нұрдаулет (1998)
- №70 Бауыржан Рахмет (2003)
- №77 Әлішер Сулей (1995)
- №88 Ерсұлтан Қалдыбеков (2002)

**Шабуылшылар:**

- №9 Абылайхан Жұмабек (2001)
- №30 Жорже Дос Сантос (1991, Бразилия)

**Бас бапкер:** Нұркен Мәзбаев (1972)

## КНАУБ «КАСПИЙМЕН» КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРДЫ


**ФУТЗАЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҚҰРАМАСЫНЫҢ ОЙЫНШЫСЫ АРНОЛЬД КНАУБ «КАСПИЙМЕН» КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРДЫ.**

Мұның алдында Кнауб «Тұлпар», «Жетісу», «Ақтөбе», «Динамо-Самара» тәрізді клубтардың намысын қорғаған.

**Арнольд Кнауб**

**Алаңдағы орны:** қорғаушы  
**Азаматтығы:** Қазақстан

**Бойы:** 187 см  
**Салмағы:** 72 кг



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДАН ШЕТТЕТІЛДІ

**ФУТБОЛДАН РЕСЕЙ ҚҰРАМАСЫ МЕН КЛУБТАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАРДАН РЕСМИ ТҮРДЕ ШЕТТЕТІЛДІ.**

Осылайша, Мәскеудің «Спартак» клубы Еуропа лигасының 1/8 финалында өнер көрсетпейді.

Валерий Карпин жаттықтыратын құрама 2022 жылғы әлем чемпионатының іріктеу кезеңдерінен аластатылады.

Әйелдер құрамасы 2022 жылғы Еуропа чемпионатына қатыса алмайды.

Сонымен қатар УЕФА «Газпром» компаниясымен келісімшартты үзеді.



## «ҚАЙРАТТЫҢ» ҚҰРАМЫ ЖАРИЯЛАНДЫ

**АЛМАТЫНЫҢ “ҚАЙРАТ” КЛУБЫ 2022 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМҒА АРНАЛҒАН ҚҰРАМЫН ЖАРИЯЛАДЫ.**

«ҚАЙРАТ» (АЛМАТЫ) – 2022

**Қақпашылар:**

- №1 Данил Устименко (2000)
- №27 Темірлан Анарбеков (2003)
- №30 Вадим Ульянов (2001, Ресей)

**Қорғаушылар:**

- №2 Сұлтанбек Астанов (1999)
- №3 Маки Баньяк (1995, Камерун)
- №4 Виктор Васин (1988, Россия)
- №5 Сергей Кейлер (1994)
- №15 Егор Ткаченко (2003)
- №38 Арсен Азатов (2003)

**Жартылай қорғаушылар:**

- №6 Яцек Гуральски (1992, Польша) (капитан)
- №7 Гүлжігіт Әліқұлов (2000, Қырғызстан)
- №8 Жасурбек Жалолиддинов (2002, Өзбекстан)
- №14 Адам Адахаджиев (1998)
- №16 Рикарду Алвес (1993, Португалия)
- №17 Данияр Үсенов (2001)
- №21 Арсен Буранчиев (2001)
- №22 Еркебұлан Сейдахмет (2000)
- №23 Андрей Ульшин (2000)

**Шабуылшылар:**

- №10 Хосе Канте (1990, Гвинея)
- №11 Жоао Пауло (1988, Бразилия)
- №18 Вячеслав Швырѐв (2001)
- №19 Артур Шушеначев (1998)
- №47 Алишер Рахимжанов (2003)
- №83 Ян Труфанов (2004)

**Бас бапкер:** Құрбан Бердыев (1952, Ресей)

## «АТЫРАУ» ЛИТВА ОЙЫНШЫСЫН ТЕГІН АЛДЫ

**«АТЫРАУ» ЛИТВА ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНЫҢ ЖАРТЫЛАЙ ҚОРҒАУШЫСЫ ДОМАНТАС АНТАНАВИЧЮСТИ ҚАТАРЫНА ҚОСТЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ КОМАНДАНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ ХАБАРЛАЙДЫ.**

Футболшы «Атырауға» еркін агент ретінде жалға беріліп отыр. Бұған дейін Антанавичюс Литваның «Судуви» мен «Стумбрас», Эстонияның «Маарду ЛМ» және Словенияның «Целе» мен «Триглав» клубтарында өнер көрсеткен.



## БАЛАЕВ «ТҰРАНҒА» АУЫСАДЫ

**ӘЗІРБАЙЖАНДЫҚ ҚАҚПАШЫ ЭМИЛЬ БАЛАЕВ ЖАҚЫН АРАДА ТҮРКІСТАННЫҢ “ТҰРАН” КЛУБЫНА АУЫСУЫ МҮМКІН.**

27 жастағы қақпашы қазіргі кезде өз отанында «Қарабах» командасында ойнайды. Жақын арада келісімшартты бұзып, Түркістанның «Тұран» командасына ауысуы мүмкін. Әзірбайжандық команда ешқандай өтемақы сұрамай-ақ қақпашыны еркін агент ретінде жіберуге дайын.

«Тұран» командасын ресейлік Владимир Газзаев жаттықтарады. Балаев екеуі бұрыннан таныс. Өйткені 2019 жылы Қостанайдың «Тобылында» бірге жұмыс істеген.




# ЖАСҰЛАН АУЫЛ БАЛАЛАРЫН ЕРКІН КҮРЕСКЕ БАУЛУДА

**ЖАСҰЛАН САЯСАТХАНҰЛЫ ТЛЕУБЕРДИН ТАРБАҒАТАЙ АУДАНЫНЫҢ ТҰҒЫЛ КЕНТІНДЕ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ, ОСЫ АУЫЛДАҒЫ ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ АТЫНДАҒЫ ОРТА МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛДЫ. БАЛА КЕЗІНЕН СПОРТ ДЕСЕ ЕЛЕҢДЕП ТҰРАТЫН ЕЛГЕЗЕК БАЛА ЕРКІН КҮРЕСПЕН МЕКТЕПТЕ ЖҮРГЕНДЕ ШҰҒЫЛДАНЫП, АУДАН ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ ЖАРЫСТАРДА ЖҮЛДЕ ТЕРЕ БАСТАДЫ.**

Ұстазы, атақты бапкер, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Әмір Егінбаев талапты шәкіртін баптады. Өскемендегі медициналық колледжде оқып жүрген кезде де Жасұланға ақыл-кеңесін айтатын. Әмір ағаның ұлы Айдын да әке жолын қуып спортқа ден қояды. Қол күресінен Әлем чемпионы атанды. Тұғылдағы балаларды армрестлингке баули бастады. Кейінірек Айдындың үш шәкірті айды аспанға шығарып, қол күресінен әлем чемпионы атанды. Міне, осындай текті азаматтың тәлім-тәрбиесін көріп, ақылын көкейінде сақтаған Жасұлан бұдан кейін де дүбірлі сайыстарда топ жара бастады.

Атап айтқанда, Жасұлан Тлеубердин бұдан бес жыл бұрын еркін күрестен өткен облыстық жарыста, екі жылдан соң Қазақстан чемпионатында күміс медальды қанжығаға байлады. Жасұлан медколледжді аяқтаған соң бірер жыл Зашитадағы емханада фельдшер болып қызмет етеді. 2012 жылы жас маманды Шемонаиха ауданындағы Уба шипажайына қызметке жібереді. «Жас келсе, іске деген», бұл шипажайға облыстың аудандары мен қалаларынан зейнеткерлер келіп, денсаулықтарын түзейді, ем-дом алады. Жасұлан зейнеткерлердің бос уақыттарын тиімді өткізуге көңіл бөледі, жылына екі



рет аудандағы мекемелер арасында спорттың бірнеше түрінен спартакиада өткізеді. Аудан мекемелері арасындағы спорт жарыстарында шипажай ұжымы сан рет топ жарып, кубоктарды жеңіп алды. Аудан әкімі Григорий Иосифович Акулов, аудандық дене тәрбиесі мен спорт бөлімінің басшысы Ришад Файзуллаұлы Жасұланның спорттағы жетістіктері жайлы жылы пікір білдірді. – Түкпірде жатқан ауылда спортты

ерекше ұнататын балалардың көп болуы мені бейжай қалдырмады. Шипажайдағы қызметімнен тыс уақытта ауыл балаларын еркін күреске баулиын деген ойымды сол кездегі шипажай директоры Мұратбек Айылбаев қызу қолдады. Жағдай жасады. Бұдан кейін директорлық қызметті атқарған Ержан Мұқатаевқа да өз басым қатты разымын, қолымнан қақпады, көмектесті. Ал қазіргі басшымыз Айжан Аманжолқызы

Мұхамадиева да тәжірибелі басшы, мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың бұқаралық спортқа көңіл бөліп, азаматтардың бос уақыттарын мәнді, тиімді өткізу жөніндегі бастамасын қызу қолдап отыр, – деді Жасұлан Саясатханұлы.

Жасұланның айтыныша, ауылдағы еркін күрес секциясында бұл күндері 30 бала жаттығуда. Осы уақытта Жасұланның үш бірдей шәкірті спорт шеберлігіне үміткер атаныпты. Олар: Анастасия Дайч, Талант Мадетов, Қуаныш Мұқаметқалиев. Талант 11-ші сынып оқушысы, Қуаныш мектепті бітіріп, биыл Өскемендегі медколледжде студент. Ал Анастасия Семейде студент. Жасұлан үш қызын да спортқа баулуда. Атап айтар болсақ, Айсулу еркін күрестен алты дүркін облыс чемпионы. Үлкен қызы Айым еркін күрестен ауданның үш дүркін чемпионы. Жұбайы Мереке Мадетқызы қол күресінен облыстың бірнеше дүркін жүлдегері.

Жақында ғана Шемонаихада еркін күрестен аудандық ашық біріншілік өтіп, оған Жасұлан 25 шәкіртін ертіп барыпты. Нәтижесінде шәкірттері 9

алтын, бес күміс, жеті қоланы иеленіп, айды аспанға шығарыпты. 14 наурызда аудан орталығында еркін күрестен қыздар арасында облыс біріншілігі өтіп, оған өңірдің барлық аудандарынан командалар қатыспақ. Дүбірді додада намысты қолдан бермеспіз, дейді ауылда тұратын азамат.

Айтпақшы, енді бір айдан соң Шемонаиха ауданының әкімі Г.Акуловтың бастамасымен Уба шипажайының негізін қалаған, Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген дәрігері Федор Михайлович Жмайловты еске алуға арналған ұлдар мен қыздар арасында еркін күрестен ашық облыстық турнир өтпекші. Міне, сол жарыста да шипажай ұжымы намысты қолдан бермес деген ойдамыз.

**Оңдасын ЕЛУБАЙ,**  
«Қазақ спорты» газетінің  
Шығыс Қазақстан облысындағы  
меншікті тілшісі

**Шығыс Қазақстан облысы,  
Шемонаиха ауданы**

## БЕЙБАРЫСТЫҢ ЕНШІСІНДЕ КҮМІС ПЕН ҚОЛА БАР

**ЖӘҢГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ I КУРС СТУДЕНТІ БЕЙБАРЫС ІЗҒАЛИ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН ҚР ЧЕМПИОНАТЫНДА ЕКІ БІРДЕЙ ЖҮЛДЕ ЕНШІЛЕДІ.**

Ел чемпионатында бабы мен бағы қатар жанған Бейбарыс алдымен 2003-2004 жылдары туған жасөспірімдер арасында жеңіл атлетикадан 2000 метрді кедергі арқылы жүгіруден 2-орынға тұрақта-са, спорттың осы түрінен ересектер арасындағы сайыста 3-орынға табан тіреді.

Бейбарыс Изғали Жәңгірхан университетіндегі Экономика, ақпараттық



технологиялар және кәсіби білім беру институтында «Дене шынықтыру және спорт» бағдарламасында оқиды. Ол университеттің мықты спортшысы ғана емес, өз

тобының старостасы міндетін қоса атқарады.

**Анар НҰРЛАНҚЫЗЫ,**  
БҚАТУ медиа-орталығының  
маманы

## ЖҮЗУШІМІЗ ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ

**ЖҮЗУДЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНДА АҚМОЛАЛЫҚ СПОРТШЫ АДАМ РОДИОН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ.**

Бұл туралы Ақмола облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы Махаббат Большина хабарлады.


Теміртау қаласында 2008 жылы туған және одан кіші топтар арасында жүзуден Қазақстан чемпионаты мәресіне жетті. Бұл сында еліміздің түкпір-түкпірінен 270-тен астам жас спортшы бақ сынады.

«Бурабай» БЖСМ шәкірті Адам Родион 400 метрге жүзуден күміс жүлдегер атанды. Көрсеткіші – 5.30.18.

Ақмолалық спортшының бапкері – Валерия Крутова.



## ҚОРЖЫНЫМЫЗДА АЛТЫ МЕДАЛЬ



**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚСАЙ ҚАЛАСЫНДА БОКСТАН 2009-2010Ж.Т. ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА «ОЛИМПИАДА ҮМІТКЕРЛЕРІ» ҚАЛААРЛЫҚ ТУРНИРІ ӨТТІ.**

Бұл сында Ақжайық ауданы БЖСМ оқушы-спортшылары ауыз толтырып айтарлық нәтижеге қол жеткізді.

2-орын – Губайдулин Саян, 34 кг  
2-орын – Бектемір Бекзат, 30 кг

1-орын – Бекес Қайсар, 30 кг  
1-орын – Насен Асылжан, 36 кг  
1-орын – Самат Саят, 36 кг  
1-орын – Кошербаев Бексұлтан, 54 кг  
Жаттықтырушысы: Сеитқалиев Д.Т.



# ЕЛ СПОРТЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ӨРЛЕУГЕ БАСТАЙДЫ



**ОСЫ АПТАДА ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «СПОРТ ПЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ДАМУ» МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІ ӨТТІ. ІС-ШАРАҒА ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЕРАЛЫ ТОҒЖАНОВ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРІ ДӘУРЕН АБАЕВ ҚАТЫСТЫ.**

Жиында ұлттық құрама командалардың бас жаттықтырушылары 2021 жылдың қорытындысын жасап, биылғы жылға арналған жоспарларымен бөлісті. Баршамызға мәлім, биыл Қытай жерінде жазғы Азия ойындарының жалауы көтеріледі. Осыдан төрт жыл бұрын еліміздің спортшылары Индонезияның Джакарта қаласында өткен Ойындарда ең төмен нәтиже көрсеткен.

Ералы Тоғжанов федерациялармен әр олимпиадалық циклге меморандумдарға қол қою тәжірибесін енгізуді тапсырды, жаттықтырушылардың біліктілігін арттыру және сертификаттау институтын құру қажеттігіне назар аударып, Үкіметтің бұқаралық спортты дамытуға ерекше назар аударатынын жеткізді.

Өз кезегінде, Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев министрліктің 2021 жылғы жұмысының негізгі қорытындылары туралы қысқаша есеп жасап, осы жылға арналған негізгі міндеттер шеңберін белгіледі.

Бірінші кезектегі басым бағыт ретінде бүкіл ел бойынша спорттық инфрақұрылымды салу және қайта құру айтылды. Д.Абаевтың айтуынша, аталған бағытты жүзеге асыру үшін министрлік әкімдіктермен бірлесіп спорттық инфрақұрылымды дамытудың жоспар-кестесінің жобасын әзірледі. Құжат аясында 114 жаңа нысанның құрылысы, 21 нысанды қайта құру және жаңғырту, 6 ірі нысанды жабдықтау жоспарланған.

Екінші міндет – бұқаралық спортты дамыту, мемлекеттік спорттық

тапсырысты жетілдіру. Негізгі мақсат – мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдерді спорт секцияларында қолжетімді дене шынықтырумен және спортпен 100% қамту. Осы бағытты іске асыру үшін Дәурен Әскербеқұлы

*– әр ауылдық округте спорт нұсқаушысы лауазымын енгізу;*  
*– тірек ауылдарды қамтумен балалар-жасөспірімдер (БЖК) және балалар-жасөспірімдер (БЖКФК) санын 1000-ға дейін арттыру;*

*– спорт кешендерінде ересектер мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға спортпен айналысу үшін жағдайлар жасау;*

*– мүмкіндігі шектеулі жандар арасында спорт түрлері бойынша республикалық жарыстар өткізу қажеттігін баса айтып өтті.*

Министр үшінші басымдық ретінде жаттықтырушыларды, төрешілерді және спорт ардагерлерін әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету қажеттігін атады.

«Спорт түрлері бойынша жоғары білікті жаттықтырушылардың жетіспеушілігі олардың еңбегіне ақы төлеуге тікелей байланысты. Жаттықтырушылардың зейнеткерлік жасқа жақын болуы және зейнеткерлік жасқа жетуі салдарынан елеулі кадрлардың жетіспеушілігіне соқтырды. Осыған байланысты Үкіметке дайындықтың бастапқы кезеңдерінде жаттықтырушылардың жалақысын арттыру бойынша ұсыныстар енгізіліп, оларды материалдық ынталандыру мәселесі пысықталады», деді Д.Абаев.

Спорт төрешілерін ынталандыру мәселесі де өзекті тақырыптардың қатарында. Бүгінгі таңда ел бойынша 4276 төрешілердің 413-і ғана халықаралық санатқа ие. Нәтижесінде Токиодағы олимпиадада тек 12 төрешіміз ғана жұмыс істеді.

«Федерациялардың төрешілерді дайындауға қызығушылық танытпауы да төмен жалақының кесірінен туындайды. Спорт жарыстарының бір күнге қызмет көрсеткені үшін төрешілерге 1239 теңгеден төленеді. Осыған байланысты біз спорт төрешілерінің еңбекқабілетін арттыру туралы ұсыныстар дайындап жатырмыз», деді министр.

Одан кейін Д.Абаев Ұлттық спорт резервін даярлау мәселесіне тоқталды. Атап айтқанда, ол спорт ұйымдары мен нысандарын қаржыландыруды оңтайландыру тәжірибесі балалар-жасөспірімдер спорт мектептері санының 33% - ға қысқаруына алып келді деп мәлімдеді. Сонымен қатар, спорт мектептерінде қаржының жеткіліксіз болуына байланысты көптеген балалар мен жасөспірімдердің спорттық жарыстар мен жиындарға қатысуға толық мүмкіндігі болмайды. Сонымен қатар, көптеген мектептер қажетті спорттық құрал-жабдықтармен қамтылмаған, инфрақұрылымы да ескірген. Осыған байланысты, министр жергілікті атқарушы органдар оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысуға іссапар шығыстарын қаржыландыруды ұлғайту қажеттігін айтты.

Сондай-ақ Дәурен Абаев Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжановқа Атырау, Маңғыстау және Қостанай облыстарының әкімдеріне олимпиада резервіндегі мектеп-интернат-колледждерін ашуды тапсыруды сұрады. Сонымен қатар жаттықтырушылардың жоғары спорттық

нәтижелер үшін біржолғы төлемдерді жүзеге асыру қағидатын қайта қарау мәселесі де қозғалды.

Жиында көтерілген мәселелердің бірі спорт ізбасарларын даярлау. Сондай-ақ, алдағы уақытта спорттық медицинаны жандандыруға ерекше басымдық берілетіні туралы да айтылды.

«Өңірлік құрама командаларды сапалы әрі тиімді даярлау үшін барлық облыстар мен республикалық маңызы бар қалаларда спортты дамыту дирекциялары құрылатын болады. Орталық деңгейде 2022 жылғы 1 сәуірден бастап Ұлттық Олимпиада комитетінің орнына бұл функцияларды Мәдениет және спорт министрлігі жанындағы Республикалық спортты дамыту дирекциясы атқаратын болады. Бұдан басқа, министрлік пилоттық жоба аясында жүзу және шаңғы жарысы сияқты спорт түрлерін дамытуға арналған нақты тұжырымдамалар әзірлеуде. Спортшыларды Париж-2024 жазғы Олимпиадаға және Милан-2026 қысқы Олимпиадаға дайындау бағдарламалары әзірленуде», деді министр.

Спорттық медицинаға келсек, министр Дәурен Абаев допингке қарсы жұмысты күшейте отырып, медицина саласындағы мамандарымызды көптеп тартып, олардың біліктілігін арттыру үшін шетелден тәжірибелі мамандарды тарту жағын қарастыратынын мәлімдеді.

«Бүгінде Алматы қаласындағы допингке қарсы зертхананың WADA-мен аккредиттелуін қайтару бойынша жұмыстар жоспарлы түрде жүргізіліп отыр. 2021 жылы допингке қарсы ережелер 41 рет бұзылғандығы анықталып, 34 тәртіптік шешім шығарылған. 3 өңірде диспансер қызметін спорт ұйымдарының медициналық бөлімшелері атқарады, ал

республиканың 6 өңірінде спорттық медицина ұйымдары мүлдем жоқ. Бұл Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары. Өкінішке қарай, Қазақстанда спорт дәрігерлерінің тапшылығы байқалады, көптеген тексерулер формальды түрде жүргізіледі, спортшылардың өздерінен спорт медицинасы тек бюджет қаражатын игеруге ғана бағытталғандығы туралы жасырын шағымдар келіп түсті. Осыған байланысты жауапты вице-министрге спорттық медицинаны жаңғырту бойынша іс-шаралар кешенін әзірлеуді тапсырамын, - деді Д.Абаев.

Жиын аясында өңірлерде бұқаралық спортты дамыту туралы Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Мамай батыр кентіндегі еркін күрестен жаттықтырушы Ермек Қырықпаев баяндама жасады. Ал, Қазақстан бокс федерациясының атқарушы директоры Маратбек Мықтыбеков, көркем гимнастикадан Қазақстан Республикасы Ұлттық құрамасының бас жаттықтырушысы және Қазақстан гимнастика федерациясының президенті Әлия Жүсіпова, ауыр атлетикадан Қазақстан Республикасы ерлер ұлттық құрамасының бас жаттықтырушысы Нұржан Смаханов жазғы Азия ойындарына дайындық барысына тоқталды. Сонымен қатар, «Qazaq Batyru» жекпе-жек Академиясының негізін қалаушы, «Қазақстан Республикасы Грэпплинг Қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Қанат Әлин, Солтүстік Қазақстан облысында спорт клубтарын дамытудың оң тәжірибесі туралы «Қуаныш» волейбол клубының директоры, «Анар» шаруа қожалығының басшысы Қайырбек Хамзин атқарылып жатқан жұмыстары туралы баяндады.

## «ОН БЕЗУСЛОВНЫЙ ФАВОРИТ, НО Я УЖЕ ОБЫГРЫВАЛ ИГРОКОВ ИЗ ТОП-10» КУКУШКИН – О МАТЧЕ С НОРВЕГИЕЙ В КУБКЕ ДЭВИСА

